

Түркістан облысы білім бөлімінің Созақ ауданы білім бөлімінің «Арай» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы

2023 жылдың шілдесінен бастап «Арай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-да ұымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне жауапты болып тәрбиеші Абишова Ақерке Шамшатқызы бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі алға қойған міндеттеріне сәйкес жұмысын бастады. Алдымен жұмыс жоспары құрылды. Атқарылған жұмыстарға келсек:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне жауапты тұлғаны тағайындау туралы 2023 жылдың 11шілдедегі №11 бұйрығы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген тәрбиешінің лауазымдық нұсқаулығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жұмыс жоспары және 2023 жылдың 2,3-тоқсаны бойынша есебі балабақшаның ресми интернет-ресурсында орналастырылып, ұымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізілді.
2. Балабақшадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке азаматтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң бұзушылықтарының орын алғаны немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру туралы ұсыныстар енгізе алатын ақпарат арнасы, яғни сенім телефоны орнатылған (тел:5-41-24)
3. Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселері бойынша түсіндіру іс-шаралары үнемі жоспар бойынша жүргізіліп отырады. (Семинарлар, тренингтер, әңгімелесу)
4. Сыбайлас жемқорлық факілері туралы өтініш (шағымдар) түскен жоқ.
5. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге ұмтыла отырып, балабақшаға жұмысқа қызметкерлер кадрлық саясаттың меритократия қағидаттары енгізілген шекті келісім бойынша қабылданады. Бос лауазым (азаматтық қызметшілер) бар болған жағдайда, конкурс өткізу туралы балабақшаның вебсайтына, еңбек kz порталына хабарландыру салынады, жұмыспен қамту орталығына бос лауазымдар туралы тапсырыс-хат жіберіледі.
6. Балабақшада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл- әрбір азаматтың міндеті» атты стенд орналастырылған. Бұл стендте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ақпараттар ұсынылады.
7. Балабақша меңгерушісі және есепші жыл сайынғы табыс және мүлік декларациясын уақытылы тапсырып отырады.
8. МКҚК «Арай» балабақшасының 2023 жылғы 11шілдедегі №11 Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі шаралар туралы бұйрығы негізінде жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, тәрбиешілер, педагог-мамандар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды

өткізу және тағы басқа мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынған.

9. Қалалық іс-шараларға да балабақша қызметкерлері үнемі қатысып отырады.

# Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ



